

түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу;

3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

4) қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;

6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстар әзірлеу;

7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу жатады;

8) орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығару және келісу;

9) білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдау;

10) білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу;

2.2. Осы тізбемен шектелмейтін Кеңес қызметінің тақырыбы:

- мектепке дейінгі ұйымдарға әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;

- тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнатуға және дамытуға жәрдемдесу;

- білім беру ұйымы қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу;

-өтеусіз түсімдер мен қайырымдылықтарды, гранттарды, жеке, заңды тұлғалардың қоғамдық ұйымдардың қайырымдылық және де меушілік көмегін қамтитынерікті жарналарды тарту:

** Ерікті жарна ретінде ақшалай қаражат та, кез-келген мүлік те, жұмысты орындау немесе қызмет көрсету де болуы мүмкін.*

** Ерікті жарналар мектепке дейінгі ұйымның осындай мақсаттары үшін қазынашылық тарапынан ашқан бюджеттен тыс арнайы шотқа түседі. Қолма-қол ақшалай қаражатпен алынған ерікті жарналар толық көлемде осы шотқа аударылуы тиіс;*

- білім беру ұйымының, оның тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің заңды құқықтары мен мүдделерін барлық заңды тәсілдермен және қаражаттарымен заңды құқықтық қорғау.
- білім беру мекемесінің жергілікті актілерін, білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- Қамқоршылық кеңестің мақсаттарын іске асыру үшін табыс әкелетін қызметті ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйымға оқу, әдістемелік, жарнамалық және басқа да материалдар мен оқу құралдарын жасауға және жариялауға, тиімділігімен сапасын арттыратын оқу орынында инновациялық білім беру жұмысын жүргізуге көмек көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның, оның қызметкерлері мен тәрбиеленушілерінің оқу-тәрбие, ақпараттық, өндірістік, жарнамалық қызметін қаржыландыру және материалдық қамтамасыз ету бойынша нақты іс-шараларды әзірлеуге көмектесу;
- Қамқоршылық кеңестің ақпаратын және қызметін насихаттау, жәрдемдесу және ынталандыру.

3. Қамқоршылық кеңестің құрылымы оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.1. Қамқоршылық кеңес өз құрылымы бойынша төраға, орынбасар, хатшы және кеңес мүшелерінен тұрады. Қамқоршылық кеңес кезінде және оның қызметінің мақсаттары үшін тексеру комиссиясы құрылады.

3.2. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

3.3. Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

3.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

3.5. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны үш адамнан аспайды.

3.6. Кеңестің барлық мүшелері тең құқықтарға ие.

Кеңес мүшесі құқылы:

- Кеңесті басқару органдарына сайлауға және сайлануға, олардың құрылымы мен құрамына кандидатуралар туралы ұсыныстар енгізуге;

- Кеңес қызметінің іс-шаралар бойынша ұсыныстар енгізуге;
- оқу орнына өз еркімен материалдық, қаржылық немесе жеке еңбегімен жәрдемдесу, көмек көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның оқу-материалдық базасының оқу-тәрбие процесін дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Кеңес қызметі туралы ақпаратпен еркін танысу. Кеңестің лауазымды адамдары Кеңес мүшесінің осы ақпаратқа қол жетімділігін шектеуге құқылы емес.

3.7. Кеңес мүшелері міндетті:

- осы Ереженің нормаларын сақтауға және орындауға;
- осы Ережеде қарастырылған Кеңестің қызметіне қатысуға.

3.8. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерінің қызметтік әрекетіне Кеңес пен оның мүшелері тікелей араласуға құқылы емес.

4. Кеңесті басқару

4.1. Кеңестің жоғары басқару органы - жалпы жиналыс болып табылады. Жалпы жиналыстар қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі. Қамқоршылық кеңес төрағасы немесе оның мүшелерінің төрттен бір бөлігі бастамасы бойынша кезектен тыс жалпы жиналысқа шақырылуы мүмкін.

4.2. Егер Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, жалпы жиналыстың шешімін қабылдауға құзыретті. Шешімдер Кеңестің қатысып отырған мүшелердің қарапайым көпшілігімен қабылданады. Жалпы жиналыстың шешімдері барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізіледі.

4.3. Қамқоршылық Кеңестің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

- Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау және қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;
- Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдау;
- мектепке дейінгі ұйымның тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;
- Кеңестің құрылымын және оны басқаруды өзгерту, қамқоршылық кеңес қызметінің басымдықтарын анықтау және оны жетілдіру туралы шешім қабылдау.
- Қамқоршылық кеңестің қарауындағы қаржы қаражатын және басқа да мүлікті қалыптастыру мен пайдалану қағидаттарын анықтау, түскен ерікті жарналардың шығыстар сметасын бекіту;
- Қамқоршылық кеңесті тарату.

4.4. Сондай-ақ жалпы жиналыстың құзіретіне жатады:

- қамқоршылық кеңестің қызметі туралы және тексеру комиссиясының мүлікті қолдану, оның ішінде ақшалай қаражатын пайдалану туралы есебінің жыл сайынғы есебін қарау және бекіту;

- подготовка предложений по совершенствованию деятельности дошкольной организации;

- мектепке дейінгі ұйым қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

- Қамқоршылық кеңестің талқылауына ұсынылған өзге де мәселелерді қарау.

4.5. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша оның қызметін Қамқоршылық кеңес құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерінен басқа Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы өз құзыретіне сәйкес:

- Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және қызметіне басшылық жасайды, Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналыстарына төрағалық етеді;

- Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

Қамқоршылық кеңеске және оның мүдделеріне қатысты барлық мәселелер бойынша мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен және жеке тұлғалармен барлық қарым-қатынастарда Қамқоршылық кеңестің атынан сенімхатсыз шығады;

- Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешеді.

4.6. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру ұйымдары қызметкерлері арасынан тағайындалады және ол Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің дайындығын, өткізілуін, материалдар мен отырыс хаттамасының рәсімделуін қамтамасыз етеді.

4.7. Бюджеттен тыс есепшоттағы қаржы қаражатыерікті жарналардан, қайырымдылықтардан, жеке және заңды тұлғалардың қайырымдылық және демеушілік көмектерінен және заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдерден қалыптастырылады. Олар мектепке дейінгі ұйымның бюджеттен тыс шотына есептеледі және Қамқоршылық кеңестің шешіміне сәйкес мақсатына бойынша пайдаланылады.

5. Қамқоршылық кеңес жанындағы тексеру комиссиясы

5.1. Мектепке дейінгі ұйымның тексеру комиссиясы Қамқоршылық кеңестің жанынан құрылады және ерікті жарналар, қайырымдылықтар, қайырымдылық және демеушілік көмек ретінде мектепке дейінгі ұйымның арнайы бюджеттен тыс шотына түскен қаражаттардың жұмсалуын бақылауды жүзеге асырады.

5.2. Тексеру комиссиясы жалпы жиналыста Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасынан сайланады.

5.3. Тексеру комиссиясының отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

5.4. Тексеру комиссиясы жылына бір рет Кеңестің жалпы жиналысында мектепке дейінгі ұйымның бюджеттен тыс арнайы шотына түскен қаражаттың жұмсалуды туралы есеп береді.

6. Қамқоршылық кеңестің қызметін тоқтату туралы

6.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі:

1) өз бастамасы бойынша;

2) отырыстарда себепсіз қатарынан үш рет болмауы себепті Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады.

6.2. Оқу орнының бюджеттен тыс есебінде тұрған ақшалай қаражаты мемлекеттік мекемелермен, заңды және жеке тұлғалармен есеп айырысудан кейін Қамқоршылық кеңестің шешіміне сәйкес мектепке дейінгі ұйымның жарғылық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады.